

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2025 жылғы 17 - 21 ақпан



2025 жылғы 17 – 21 ақпан

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Апта қорытындысы

02



Қытайда ЖИ
дамып жатыр

03



Апта кестесі

Апта қорытындысы

Іскерлік белсенділік пен инфляциялық күту бойынша деректер жарияланғаннан кейін АҚШ-тың қор нарығы биыл ең нашар күнді басынан өткерді. Бір аптада **S&P 500 1,66%-ға** төмендеді, **NASDAQ Composite 2,51%-ға** түсіп кетті.

Ақпан айындағы іскерлік белсенділіктің алдын ала индексі (PMI) АҚШ экономикасының айтарлықтай баяулағанын көрсетті. **Композитті PMI 52,7-ден 50,4-тармаққа дейін** төмендеп кетті, ал **қызмет көрсету саласының PMI 52,9-дан 49,7-тармаққа** түсіп кетті. Индекстің 50-тармақтан төмендеуі қызмет көрсету саласының тоқырауын көрсетеді, бұл нарыққа экономиканың баяулауы мен рецессия тәуекелінің өсу қаупін тудырды.

2024 жылы қызмет көрсету секторы АҚШ экономикасын қолдайтын негізгі фактор болды, ал ФРЖ-ның негізгі мөлшерлемесі жоғары болғандықтан, өнеркәсіп тоқырауда болды. Енді нарықтағы жағдай өзгеріп жатыр – **өнеркәсіптік PMI 51,2-ден 51,6-тармаққа** көтерілді. АҚШ экономикасы негізгі мөлшерлеменің жоғары қысымына төтеп бере алмауы мүмкін, ал тауар импортына баж салығын енгізу және сауда соғысы экономиканы одан әрі бәсеңдетіп, инфляцияны көтеруі мүмкін.

Тұтынушылық инфляциялық күту өсіп жатыр. **1 жылдық инфляциялық күту 4,3%-ды** құрады, **5 жылдық күту 3,5%-ға** өсті. Күтудің өсуі экономикалық агенттердің тұтынушылық күтуге реакциясы мен өздігінен орындалатын болжамның әсерінен нақты инфляцияға теріс әсер етеді. Мысалы, компаниялар тауар мен көрсетілетін қызмет бағасын күтуге негіздей отырып, көтереді, ал тұтынушылар неғұрлым жоғары бағамен сатып алуға дайын тұр.

ФРЖ едеуір қысым көруде, өйткені инфляция тұрақты және қайтадан өсуі мүмкін, ал экономика күткеннен де тезірек бәсеңдейді. Осыған қарамастан, **Core PCE Price Index** төмен болып тұр, ал **CPI** бірінші кезекте қайталама нарықтағы автомобиль бағасының өсуіне байланысты өсуде, бұл **CPI** өсуінің маусымдық сипатын білдіруі мүмкін.


Қытайда ЖИ дамып жатыр

HangSeng индексі бір аптада **3,46%-ға өсіп, бір айда 16,6% мөлшерінде өсті**. Қытайдың технологиялық компаниялары жыл басынан бері өсім бойынша көшбасшы болып отыр. Мысалы, **Alibaba** акциялары **69%-ға, Xiaomi** акциялары **48%-ға, ал BYD** акциялары **46%-ға** өсті. **DeepSeek-тің** шығуы және **Alibaba-ның** ЖИ-ді дамытуы Қытайдың қор нарығына 2022-2024 жылдардағы АҚШ-та ЖИ-дің дүрлігуімен салыстырғанда күрт өсімді бастан өткеруге мүмкіндік берді. Қытайдың **KraneShares CSI China Internet ETF (KWEB)** интернет компаниясының ETF жыл басынан бері 25%-ға өсті.

Alibaba менеджменті келесі үш жылдың ішінде өзінің ЖИ және ашық есептеулер инфрақұрылымына **\$52,4 млрд** көлемінде инвестиция салатынын жариялады. Компания стратегияны аймақтағы көшбасшылықты қамтамасыз ету үшін ЖИ-ді дамытуға бағыттайды.


Автомобильдің саны бойынша әлемдегі ең ірі электрокар өндіруші **BYD** өз көліктеріне **DeepSeek** енгізетін жариялады. Сауда соғысының тәуекелі өсуді баяулатуы мүмкін, бірақ АҚШ-тың мысалына қарап, ЖИ факторы көбінесе теріс макродеректерден асып түседі.

Жыл басынан бергі S&P 500 және KWEB индекстелген динамикасы



GRANOLAS – Еуропадағы ірі компаниялардың атауы, **GSK, Roche, ASML, Nestlé, Novartis, Novo Nordisk, L'Oréal, LVMH, AstraZeneca, SAP** және **Sanofi** кіретін «Керемет жетілік» баламасы. Goldman Sachs осы терминді ойлап шығара отырып, ЖИ ендіру аясында компаниялардың төмен бағасы мен ықтимал өсімін атап өтеді. Тізімдегі көптеген компаниялар фармацевтикалық компания болғандықтан, AI семіздікке қарсы препараттарды қоса алғанда, жаңа препараттарды әзірлеуді және сынауды бірнеше есе жылдамдата алады.

Жыл басынан бері **ETF SPDR Euro Stoxx 50 (FEZ) 13%-ға** өсті, ал **S&P 500 2,3%-ға** өсті. Еуропа компанияларының одан әрі өсу әлеуеті бар, өйткені JP Morgan деректері бойынша **STOXX 50** S&P 500-ге елеулі дисконтпен сатылады. Сауда соғысына қарамастан, Украинадағы соғыстың аяқталуы және макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсаруы акциялардың тұрақты өсуін қамтамасыз ете алады.



Шолуды дайындаған: Қасымжан Едіге



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Бұл материалды тарату инвестиция жасау жөнінен кеңес беру қызметі емес. Бұл материалда берілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Бұл материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратты ғана негізге алмау керек. Осы материалда көрсетілуі мүмкін есептерді, тарихи деректер мен өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері бұқаралық ақпарат көздерінен алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындаған.

BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауы бойынша пайдаланады және тәуекелді өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме, мәміле жасасуға ынталандыру және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша клиентке ұсыным болып табылмайды.

Бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, олар туралы ақпаратты BCC Invest ұсынатын базалық активтердің әртүрлі түрлерімен туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі — «Қаржы құралдары») операцияларды жүргізер алдында осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуға тиіс және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік және өзге де кеңесшілерімен жан-жақты кеңес өткізуге тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатады, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекелдің салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңдық мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе клиенттің мақсаттарына, ниеттеріне және күткен нәтижесіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Сондықтан осы мәмілелер өзіне тиісті тәуекелдерді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын тұлғаларға арналған. Кез келген мәмілені жасасу алдында клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелдерді түсінетініне және оқиғалардың кез келген өрбуі кезінде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескеру қажет.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестициялар құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ұсынатын ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік немесе растама бермейді және қандай да бір жауапкершілік алмайды.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында
қызметті жүзеге асыруға берілген
10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.